

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қазақстан Республикасының ғарышкеріне кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 27 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 141 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.16 № 141 Қаулысымен.

Екі қазақстандық ғарышкерді жоспарлы дайындауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қазақстан Республикасының ғарышкеріне кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасының ғарышкеріне кандидаттарды Ресей тарапымен келісу бойынша Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталығына дайындықтан өтуге жіберу үшін оларды іріктеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.07.23. N 816 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және өзге де күтпеген шығыстарды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ғарышкерлікке кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін 4 000 000 (төрт миллион) т е ң г е б ө л с і н .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 991 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 7 қаңтардағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының ғарышкеріне кандидаттарды алдын ала іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның Құрамы

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.07.23. № 816 қаулысымен.

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.24. № 88 қаулысымен.

Нағманов - Қазақстан Республикасының Көлік және
Қажымұрат Ыбырайұлы коммуникациялар министрі, төраға
Сапаров - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері
Мәлік Мұхамеджанұлы Бас штабының бастығы - Қазақстан
Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші
орынбасары, төрағаның орынбасары

Қосынов - Қазақстан Республикасының Көлік және
Алмас Олжабайұлы коммуникациялар министрлігі
Аэроғарыш комитетінің төрағасы, хатшы

Комиссия мүшелері:

Әубәкіров - Қазақстан Республикасының ұшқыш-
Тоқтар Оңғарбайұлы ғарышкері (келісім бойынша)

Мұсабев - Қазақстан Республикасының ұшқыш-
Талғат Амангелдіұлы ғарышкері (келісім бойынша)

Қожақов - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Асан Егімбаев министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы істері жөніндегі комитетінің
төрағасы

Нұрмұхамедов - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Игорь Хабирович қауіпсіздік комитеті департаментінің
бастығы (келісім бойынша)

Моргун - Ю.А.Гагарин атындағы Ресей Ғарышкерлер
Валерий Васильевич даярлайтын мемлекеттік ғылыми-зерттеу
сынақ орталығының бас дәрігері
(келісім бойынша)

Воронков - Мемлекеттік ғылыми орталығы Медициналық
Юрий Иванович биологиялық проблемалар институтының бөлім
меңгерушісі (келісім бойынша)

- Сұлтанғазин - Қазақстан Республикасының Білім және
Өмірзақ Махмұдұлы ғылым министрлігі Ғарыштық зерттеулер
институтының директоры
- Коржова - Қазақстан Республикасының Экономика
Наталья Артемовна және бюджеттік жоспарлау бірінші вице-
министрі
- Циблиев - Ю.А.Гагарин атындағы Ресей мемлекеттік
Василий Васильевич ғарышкерлер даярлау ғылыми-зерттеу
орталығы бастығының орынбасары
(келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК